

Қыз кеткен соң ауылыңнан қызық кетер,
Келіп- кетіп жүрсейші ойнағыңа.

Халықтың жан дүниесінің мөп- мөлдір бұлағындай болған өнеріне шөлі қанғанша мол сусындаған, оған өзі де бір тамшы болса да үлес қосқан Ахаң нақақтан атылды. Бірақ, Ахаңның өмірі де, Ахаңның ілімі де өшкен жоқ, өшпейді де. Оның жүрек үні туған жердің самалынан естіліп, ән болып айтылып, күй болып күмбірлей бермек. [3,320б].

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат.- Алматы: Қазақстан: Шапағат, 1992.- 112 б.
- 2.Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. -Алматы: Білім, 1995.- 288 б.
- 3.Байтұрсынов А. “Шығармалар”: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

**XX ҒАСЫР БАСЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨКІЛІ -
БАЙБАТЫР ЕРЖАНҰЛЫ (ИСМАЙЫЛҰЛЫ) ҚҰЛАҚБАЕВ**

*Зекенова А.Ж., фил.ғ.к.
ЖББПД профессоры
M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti
Астана қ., Қазақстан*

XX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті туралы пікірлер де, ғылыми ізденістер де аз емес. Алайда осы еңбектердің арасынан толыққанды, мүмкіндігінше барлық қайраткерлердің есімдері жазылып, ақпараты берілген, ең болмаса, антологиялық деңгейде құрастырылған еңбектер жоқтың қасы. Қазақ мәдениетінде ақтандақтар ақталуының басы 1959 жылдары басталды, ал кейінгі есімдері ел-жұртымен табысқан кезеңі – 1988-89 жылдар. Содан бері неше диссертациялар қорғалды, ғылыми жобалар жүзеге асып жатыр. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі»-нің 100 томдғын да даярлап, жарыққа шығардық. Қазақ әдебиетінің қайнар көзі ауыз әдебиеті мен жырлар саналғанымен, XX ғасыр басындағы қазақ қайраткерлерінің есімдері мен істеген әрекеттерін зерттеп, жинақтап, жарыққа шығарса, дәл осы 100 томдықтан асып кетпесе, кем түсе қоймайды деп ойлаймыз. Себебі барлық XXI ғасырды толығымен алғанда ең көп еңбек етіп, еңбектерін баспасөзде жарыққа шығара бастап, қазақ тілі, мәдениеті, тарихы туралы жазып, ел тәуелсіздігін көксеген негізгі кезең осы – XX ғасыр басы. Сондықтан да барлық саладағы қайраткерлерді қосқанда бір жүздіктен асып жығылатыны айқын. Оған қоса, классикалық деңгейде қалам тартып, көркем дүниелерін жазып, әрі қайраткерлікпен айналысқан азаматтардың ғана шығармалары мен істеген игі жақсылықтарын айтып қана қоймай, ірілі-ұсақты қаламгерлерді де тарих беттеріне қондыра отырып, тәрбие беруде пайдаланған жөн. Себебі сондай қаламгерлердің де айтары бар, ал олардан елдің үйренері көп. Мысалы, «Айқап» бетінде материалдарын жарыққа шығарған Байбатыр Ержанұлы, Мұстақым Малдыбаев, Кенжеғали Ғабдуллин, Самат Әбішев, Ахмет Мәметов, сонымен қатар Жұмағали Тілеулин, Әбуһайра Жұсыпов, Ахмет Жанталин, Сәдуақас Шорманов, т.б. еңбектерін жинап-зерделеу керек [1].

Осы қатарда тұрған Құлақбаев Байбатыр (Ержанұлы) Исмайылұлы 1897 жылы сәуірде Қарағанды облысы, Пресковский ауданы, Спасский ауылсовет, № 14 ауылда дүниеге келген. Толық ақпараты:

– Бірінші сотталуында 1934 жылы Қылмыстық кодекстің 3-бабы бойынша қоғамдық жұмыстарға тартылған;

– Екінші рет 1935 жылы 14 желтоқсанда Семейде, Шығыс Қазақстанда УНКВД-мен ұсталған;

– 1936 жылы 21 ақпанындағы РСФСР Жоғарғы сотының үкімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10-бабы бойынша 8 жылға, 169-бабы бойынша 5 жылға сотталған;

– Сотталу себебі, 1933 жылы «Колхоз үшін» әңгімесі мен «Өлім құшты» повесінде Қазақстанда болып жатқан колхоздастырудың шындығы жазылып, олар контрреволюциялық болып есептелді;

– Екінші себебі, Петропавлскіде ВКП/б/-ге кірерде 1925 жылы, әрі 1935 жылы партиядан өзінің Алаш-Орда партиясы қатарында болғанын жасырғаны; жалпы ВКП/б/ Партиясы қатарында 1925-35 жылдары болған;

– 1961 жылы 25 қаңтарда РСФСР Жоғарғы сотының шешімімен қылмыстық құрамының болмауына байланысты (за отсутствием состава преступления) ақталған;

– Шын есімі Құлақбаев Байбатыр (Ержанұлы) Исмайылұлы; Қазақтың дәстүрі бойынша Исмайыл еркек кіндік ұрпағы болмаған соң, өзінің туған інісі Ержанға Байбатыр ұлын берген. Сондықтан есімі Байбатыр болса да, құжаттарда Ержанұлы болып жазылады. Алайда адамды алдасаң да, Алланы алдай алмайсың деген қазақ сөзіне мойынұсына отырып, біз толық есімін беруді жөн санадық;

– Алдымен ауыл молдасынан, кейін «Уәзипа» медресесінде, Мәскеуде білім алған;

– Білімі орта, Петропавлскіде 1-деңгейлі мектепте мұғалім болып қызмет еткен, I Киргизская школада (1925 ж) және Семейде Қазгеологобарлау техникумында мұғалім болып қызмет еткен;

– Өлімі туралы куәлігінде 1939 жылы 5 қаңтарда жүректің сал ауруынан қайтыс болған деп жазылған;

– Артында Ержанова Маржан есімді жұбайы (1913 жылы туған), Екі ұлы – Едгард (Едіге, 1925 жылы туған), Тельман (1935 жылы туған), Роза есімді қызы (1932 жылы туған) қалған. Қазіргі кезде ұрпақтары бар.

– «Тұр, қазақ!» кітабы екі-үш рет басылып шыққан (1911, 1914, 1915 жж) [2], «Оқуға махаббат» романы (1912 ж) [3] жарық көрген; Сонда бірінші кітабы жарыққа шыққанда автор 14-15 жаста болған. Осы балаң жасында сол кездегі ірі ақын Нұржан Наушабаевпен хат жазысып, сұрақ-жауап алысқан [4] [5];

– «Айқап» журналының беттерінде 1913-1915 жылдары «Бір қазақ қызы» (фельетоны), «Кеше түндегі түс» фельетоны, өлеңдері: «Мұқтаждық» [6], «Нәзік көңіл» [7] «Жаңбырлы дауыл», «Бозбалаларымыздың түрі» прозасы, «Айында бір шықпақ болған суретті» әңгімесі, «Біздің жайлар» прозасы, бірнеше жұмбақтары мен «Мұсылман тіршілігіне тиісті мәселелер», «Қазақ халқынан бір екі сөз» сияқты мақала тектес жазбалары, «Жас азаматта» «Земствоның қысқаша жайы» еңбегі (1919) жарық көрген (ақпараттардың барлығы қолымыздағы мұрағаттан алынды – З.А.).

Байбатыр Ержанұлы туралы әр жылдары қаламгерлер бір ауыз сөз болса да, айтқандары да, жазып жүргендері бар:

С.Мұқановтың «Есею жылдарында» Байбатырдың «Көр азабы» деген ислам дінін сықақтаған бір актілі комедиясы қазақ мектептерінде қойылып жүргені [8, 238-б.], пьесалары «қырық-елуден асып жығылатыны» айтылған [8, 240-б.], Қаламгердің «Қазақ әдебиетінің тарихы» онтомдығында «Оқуға махаббат» атты еңбегі «повесть» ретінде бағаланып, есімі Ахмет Байтұрсынұлылармен қатар аталып, «халыққа ұлт-азаттық идея тастап, қараңғылықтан шығуға дәнекер болған шығармалар жазған белгілі ақын-жазушылар, публицистер қатарынан деп танылған» [9, 69-б.]. Ж.Тілепов өз еңбегінде оның еңбектерін «осалдау» деп таниды [10, 233-238 -бб.]. Д.Қамзабекұлы «азаматтық ар-ожданы айқын көрінген жас қаламгердің бірі» дей отырып, оның «Оқуға махаббат» еңбегін «жаңа заманға қажетті оқудың мән-маңызын жан-жақты айтқан» «жәдитшіл» туынды ретінде атаған [11] [12]. Д.С. Дариябеков өз зерттеуінде Байбатыр Ержанұлын XX

ғасырдың басында «қазақ баспасөзінде таныла бастаған» «дін туралы жазған» қаламгер деп атаған [13, 122-б.].

Байбатыр Ержанұлының «Тұр, қазақ!» еңбегі Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» еңбегінің желісімен жазылған. Т.Қыдыр, К.Мұстафаевалардың құрастыруымен жарық көрген үш автордың өлеңдері жинағында да ол айтылған. Тақырыбына қарасақ та, бұл пікір нақтылана түседі: Дулатұлы М. «Оян, қазақ!», Ержанұлы Б. «Тұр, қазақ!», Арғыни Ә. «Жатпа, қазақ!» өлеңдер жинағы, 2016 жыл [14]. Шын мәнінде, үш еңбектің мазмұны мен мәні бір-бірімен үндесіп жатыр. Алайда өз айырмашылықтары да жоқ емес:

«Оян, қазақ!» 1909 ж. жарық көрген Мазмұны:	«Тұр, қазақ!» 1912 (1914 ж.) жарық көрген Мазмұны:	«Жатпа, қазақ!» 1917 ж. жарық көрген Мазмұны:
<ol style="list-style-type: none"> 1. Сөз басы, 2. Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі, 3. Өнерменен хасіл болған мағишаты, 4. Сайлаулар хақында, 5. Қазақ жерлері, 6. Мешіт, медресе хақында, 7. Қазақ халқына діни бір уағыз, 8. Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға, 9. Таршылық халіміз хақында аз мінәжат, 10. Мудәррис З... әпендіге жазған бір мақтубым, 11. Жесір даулары хақында, 12. Жігіттер, 13. Жұмбақ, 14. Насихат умумия, 15. Исмаил Гаспринский жанапларының өзі, 16. Сөз ақыры [14, 84-б.]. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сөз бастар, 2. Ояну, 3. Сахрауи қазақ халқының халі, 4. Сахрауи қазақ халқына насихат, 5. Болыстық һәм сайлау, 6. Болысқа, 7. Мешіт пен медресе хақында, 8. Үлгі, 9. Тәсірлі мақтуб, 10. Хаты үшбу-дүр, 11. Өлең, 12. Мухтарым Нұржан ақынның сөзі, 13. Жігіттікте мінез һәм сипат, 14. Жігіттер, иттифак! 15. Кәрілер, 16. Жақсы қыз, 17. Хитаб, 18. Жаман қыз, 19. Нұржанға жіберген хатым, 20. Мудәррис Зейн әл-Әбиддин әпенді хазіреттеріне ойлаған бір мақтубым, 21. Оян, қазақ! 22. Жол көріп оқығандарымыз – жиырмасыншы ғасыр жастарына, 23. Қаламға хитаб, 24. Қайран қоныс [14, 132-б.]. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұқаддима, 2. Ғазал, 3. Біздің қазаққа керек, 4. Екінші мектеп керек, 5. Үшінші қазы керек, 6. Өз пікірім, 7. Насихат балаларға, 8. Насихат ағаларға, 9. Насихат аталарға, 10. Молдалар үшін бір-екі сөз, 11. 1916-шы санадағы заманның баяны, 12. Рибатшіктің алғаны, 13. Ғазетлердің тәғрифі, Мына биылғы қымбатшылықтың түрі [14, 165-б.].

Көрініп тұрғандай сарыны бір болғанымен, әр еңбектің өз айтары бар, өз мысалы мен өз заманының бір жаңалығын жеткізетіндей қолтаңбасы бар. Үш кітаптың ішіндегі ең көп

мазмұн «Тұр, қазақ!» еңбегіне тиесілі. Оның мазмұны қызықты, әрі сол кездегі елге үлгі боларлық мәселелерді айтқанымен, дидактикалық сарында жазылған материалымен ерекшеленеді. Ал «Жатпа, қазақ!» еңбегінде 1916 жылдың оқиғалары мен заманындағы қымбатшылық та сөз болған. Демек, әр қаламгер өз еңбегіне бір жаңалық енгізіп отыруға тырысқан [14].

Б.Ержанұлы еңбегінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ жері мен ел адамдарының жағдайы нашарлағаны айтылып, елдің тәуелсіздікке жетуі жолында не істеу қажеттілігі сөз болады. Жастардың оқу-білімге ұмтылуын көксеген қаламгер тығырыққа тірелген халыққа шығатын жол көрсететіндей. Сол себепті адамның тумысына сай әр кезеңде түрлі сипатта болатыны айтылып, мысалы қыздардың, жігіттердің, ақсақалдардың, сосын барып, олардың көркем сипаттары қандай болуы қажет екенін тілге тиек еткен [14]. Еңбектің қорытынды тұсы қазіргі кезде қоғамға ғылымның қажеттілігі туралы оймен түйінделген. Шын мәнінде, ХХ ғасыр басындағы қазақ қайраткерлерінің түрлі ғылым салаларында өз еңбектерін жазғанын білеміз А.Байтұрсынұлы «Оқу құралы» мен «Тіл құралы» (1912-1925), «Әдебиет танытқыш» (1926), М.Жұмабаев «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925), «Сауатты бол» (1926), «Педагогика» (1922), Ж.Аймауытов «Психология» (19) т.б. Ал қажеттілік болмаса, ол еңбектер туындамайтын да еді...

Кітап қорытынды бөлімінде жетімдерге қатысты тармақталады, бірақ қаламгердің жетім түсінігі – баланың ата-анасынан айырылған «жетімдігі» емес, ол қазақтың танымындағы, жыраулардан келе жатқан «құссыз айдын-шалқар көл», «жануарсыз орман», «тыңдалмаған сөз» жетімдігіне қатысты. Ал ең соңғы «Қайран қоныс» өлеңінде ел-жер тағдырына қатысты алаңдаушылық сезіледі, бұл автордың тұжырымды сөзі ретінде қабылдану керек. Жалпы еңбектің басты түнді ойлары осы өлеңде пайымдалғандай [14-130-131-бб.].

Б.Ержанұлының «Оқуға махаббат» роман-эпигемесіндегі кейіпкерлер мен тарихи жер-су атауларының нақтылығына қарасақ, сюжет шынайы өмірден алынғанға ұқсайды: Шорман ауылы, Боқтыбай ауылы, Оқалы станциясы деген – Солтүстік Қазақстанда нақты болған атаулар. Сосын Бақытжан Қамалбаев, Шорман, Алтыбай, Тәттібек, Дүйсе, Анасбай, Таласбай, Мұңаймас, Мұсабек, Нұрқай қожа кейіпкерлерінің есімдері де өзгеріске ұшырай қоймаған сияқты [3].

Ә.Дербісәлин қаламгерге қатысты «орташа ақындық таланты бар, өз кезеңінің көптеген мәселесін дұрыс түсіне алмаған ақын үшін бұл үлкен үлес еді» деген ой айтады [15, 88-б.], ал Ж.Тілепов «қазақ жұртының ілгері басқан елдер сапында болуын көксеген көкірек көзі ашық, қаламының азды-көпті желі бар автор» атаған [10, 238-б.]. Біздің ойымызша, Ә.Дербісәлиннің «кезеңінің көптеген мәселесін дұрыс түсіне алмаған ақын» деп айтқан себебі – Б.Ержанұлының негізгі идеяларынан туындаған. Себебі Байбатыр өз заманының жастарын алдымен оқу-білімге емес, діни сауаттылыққа, иман жолына, содан кейін ғана ғылыммен танысу керектігін айтқан [2]. Ал кеңес заманында бұл идея кертартпа саналатын.

Б. Ержанұлының «Оқуға махаббат» кітапшасы түбегейлі талданбаған. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» атты (1964 ж.) еңбекте ХХ ғасырдың басындағы өзге қаламгерлермен салыстыру үшін Б.Ержанұлы сияқты бірер «ұсақтау» көркем дүние жазған авторлардың аты аталған [15, 86-88-бб.]. Қалай болғанда да Кеңес үкіметі кезіндегі ғалым Ә.Дербісәлиннің осындай пікірі Б.Ержанұлы шығармашылығымен сол замандары да ғалымдар таныс болғанын, «іліп аларлық» болған соң, әлсін-әлсін атап отырғаны қуантады.

Алдындағы еңбектер Б.Ержанұлының егемен ел болуын көксегендіктен оқу-ағартуға ден қоюға үндеу желісінде болса, «Мұқтаждық» пен «Нәзік көңіл» өлеңдерінде ақын лирикалық келбетімен ерекшеленеді. «Мұқтаждық» өлеңін оқығанда Шерхан Мұртазаның «бір кем дүниесі» еске оралады. Байбатырдың мұқтаждығы кедейшілдік мағынасында емес, қажеттілік, өмір заңдылықтары мәнінде ұсынылған:

Туғаныңмен қарсы алады мұқтаждық

Сенімдікке сыналады көп-аздық.

Шығармасаң маңдайыңнан терінді.

«Бермеді» деп өкпелеуге жоқ наздық [6].

Демек, әр адам еңбегіне қарай бағаланады, ісіне қарай ақысы төленеді. Бұл – жалпы өмір заңдылығы. Сондықтан, автордың ойынша, осы өмірде бар нәрсе, құбылыс бір-біріне «мұқтаждықпен матаулы». Сол замандағы кедей мен байдың өзара әрекетінің өзі бір-біріне байланысты. Бұл қазіргі өмірде де бар құбылыс қой:

Кедей байғұс істемесе жұмысты,

Ретімен қалай түзер тұрмысты.

Байдың егер жұмысшысы жоқ болса,

Қалай жұмсар алтын менен күмісті [6].

Байбатыр Ержанұлының пікірінше, жауынсыз жер көгермейді, ал жерге көк шықпаса, жануарлар күнін көре алмайды, ер адамсыз әйелі жоқ, әйелге де ер азаматсыз қиын болады, судан өтуге қайық керек. Осы мұқтаждық өмір қалпы ретінде түсіндіріледі, себебі мұқтаждықпен қатар өмір сүре алмаған, сүргісі келмейтін адамға өле салудан басқа жол жоқ: «өлік болып кірсін барып қабірге, келмесе егер мұқтаждықпен тұрғысы» [6].

Қара өлең түріндегі туындының ұйқастары да ерекше: наздану етістігі – наздық, есім сөзіне айналып берілген. Түйілу етістігі – түйнеу түрінде, ерлі-зайыпты қос сөзін бөліп, «зайып» түрін – әйел, жар мәнінде жұмсаған. Өлең туындысы Аллаға мадақ айтумен, бәрін шеберлікпен ойластырған Құдайдың ісіне шүкір айтумен аяқталады:

Бірінсіз бірі тұра алмауын байқағам,

Амалсыздан басымды ұрып шайқағам,

Ебін тауып байластырған бір Алла,

Сансыз мақтау, сансыз шүкір айтамын [6].

Автордың «Нәзік көңіл» өлеңіндегі Көңіл – жанды кейіпкер ретінде берілген: «шат орнына бұлттай қаптап қайғы келсе, бұзады бақытына берген сертін». Алайда, көңіл нәзік болғанымен, «агрессиялық» белгілері де жоқ емес. Ол қанша сауық құрайын десе де, «қорлықтан өш алып, қайғының шашын жұла алады». Көңілді өз еркіне қайғы жібермегендіктен, оның басы байлаулы, ол «тұжырынады». Не «жеңілдікке», не «ауырлыққа» төзбейтін көңіл ақын түсінігінде «нәзік» болып табылады:

Дүниеде көңіл нәзік, көңіл жұқа,

Өзінен бақытты жоқ қайғы жоқта.

Көңілдің жайрандаған мезгілдері,

Құлпырып, сыймай тұрған сұлу оқа [7].

Екі туындыда да символдық белгілер, теңеу бар. «Нәзік көңілде» ақын жаны сұлулықты сезінетін нәзік екенін көрсете отырып, алайда қажет жағдайда күрескер бола алатынын да сездіретіндей...

Қорыта айтқанда, ХХ ғасыр басында қаламы ұшталып, баспасөз бетінде өз қолтаңбасын қалдырған Байбатыр Ержанұлы (Исмайылұлы) Құлақбаев діннен хабары бар, елді оятуға, оқу-ағартуға үндегенімен қоса, заман шындығын жырлаған, сұлулықты сезініп, көре білетін лирик ақын болып табылады. Толық шығармалар жинағын шығарып, қазіргі ұрпақпен таныстыру болашақтың ісі екенін түсіне отырып, осындай қаламгерлерді де аттап өтпей, Ахмет Байтұрсынұлы салған жолмен өмір сүрген әдеби мұра жанашырларының өмірі мен шығармашылығы ғалымдар назарына ілігіп жатса, құба-құл. Өз анықтамалық өмірбаянында қолтаңбасымен жазғандай 1897 жылы дүниеге келіп, 1912 жылы 14-15 жас шамасында саналы түрде кітап басып шығарған. ХХ ғасыр басы өміріне белсенді араласып, әлеуметтік тұрғыда өз ұстанымын көрсете білген, шындықты айтқаны үшін өмірін құрбан еткен қаламгерлер мұрасының қазіргі жастарға да айтары бар, берері мол санаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұқанов Қ. «Қазақ» газеті — халықтың жоқтаушысы // «Солтүстік Қазақстан» газеті, 8 ақпан 2018 жыл, <http://soltustikkaz.kz/index.php/explore/1979-aza-gazeti-khaly-ty-zho-taushysy>;
2. Ержанұлы Б. «Тұр, қазақ!» (екінші басылуы). – Қазан: Домбровский баспаханасы, 1914.
3. Ержанұлы Б. «Оқуға махаббат». – Қазан: Домбровский баспаханасы. 1912.
4. Зекенова А. «Ақтандақ әдебиеттің бір парағы (Байбатыр Ержанұлы туралы бірер сөз)»// «Керуен» Ғылыми және әдеби-көркем журнал, №6 (63) 2018, 16-22 бб.
5. Зекенова А.Ж. «Ақтандақ әдебиеттің бір тұлғасы» // «Керуен» ғылыми журналы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Хабаршысы №1 (64), 2019, 107-115 бб.; Зекенова А. «Абай мен Байбатыр Ержанұлы шығармашылығындағы болыстық хақындағы пайымдар» // Тәуелсіздік және Абай: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары (173-180 бб.). –Алматы, Қазақстан: ИД «CREDOS». 2011 жыл. –243 бет;
6. Ержанұлы Б. «Мұқтаждық» // «Айқап» журналы, 1914 жыл, №12, 198-199 бб.
7. Ержанұлы Б. «Нәзік көңіл» // «Айқап» журналы, 1914 жыл, №12, 206 б.
8. Мұқанов С.«Есею жылдары». –Алматы: Жазушы, 1970 ж. 260 бет.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық, 6-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 230 бет.
10. Тілепов Ж. Байбатыр Ержанов // «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). – Алматы: Ғылым, 1994. 233-238 беттер;
11. Қамзабекұлы Д. «Алаш және әдебиет». –Алматы: Фолиант, 2002. –474 бет.
12. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық, 6-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 230 бет.
13. Дариябеков Д.С. «Қазақстандағы диалогтық кеңістікті қалыптастырудағы діни толеранттылық: қоғам және БАҚ» Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, 2017 жыл, 178 бет.
14. Дулатұлы М. «Оян, қазақ!», Ержанұлы «Тұр, қазақ!», Арғыни Ә. «Жатпа, қазақ!» Олеңдер/ Құраст.: Төрәлі Қыдыр, Камшат Мұстафаева. –Алматы: «Таңбалы», 2016. –188 бет.
15. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жаңашылдық (Ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүр және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы). –Алматы: Ғылым, 1976. – 204 бет.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ АТАСЫ

*Кобланова А.,
Фил. ғ.к., профессор, Қазақстан*

Тілдің грамматикасын жазу өркениетті қоғамдағы тілдік қарым-қатынасты (коммуникацияны) жетілдіру, дамытып мәденилендіру үшін жасалатын аса қажетті лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік маңызды ғылыми шаралардың бірі болып саналады.

Адамзат қоғамы тарихындағы грамматикалардың тұңғыш үлгісі, зерттеушілердің көрсетуінше, біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырлар шамасында Үндістан мен Грекия елінде жазылған екен. Таяу Шығыстағы Иран, Араб өркениетінің ежелгі заманнан бері өз грамматикасы болғаны мәлім. Сөйтіп, грамматика тек тіл білімінің ғана емес, жалпы ғылым атаулының көшбасшы саласына айналды.

Ғылымдағы грамматика әлеміне орыстың ұлы ғалымы М.В.Ломоносовтың 1757 жылы шыққан атақты «Ресей грамматикасы» («Российская грамматика») делініп мемлекеттің